

Ақпараттық-библиографиялық бөлім

Жаны жайсан жерлесіміз



АҚЫН Серік Ғабдуллаұлына 75 ЖЫЛ

*(5-9 сынып оқушылары мен балалар оқуын
басқарушыларға арналған әдебиеттер тізімі)*

Өскемен, 2012




Оқырман назарына

*Сөйле менің жүрегім, сөз келгенде,
Шаршы топта сайрайтын кез келгенде.*

*Таразылап тарт ойды безбендерге
Көңілімнің сырын айт көз көргенге
Өркен жайып өмірім өзгергенде,*

Сөйле менің жүрегім сөз бергенде, - деп

жерлесіміз Серік Ғабдуллаұлының өзі жырлағандай, есімімен де, творчестволық ісімен де облыс жұртшылығына танымал ақынның туғанына биыл 75 жыл толып отыр. Поэзия әлемінде өзіндік орнын тапқан, талап тұғырында талай тамаша жырды дүниеге келтірген, арманы айшықты, сезімі таза, жүрегінің барлық жылуын елге, жерге арнаған. Осы уақытқа дейін он үш кітап шығарып, жасамыстар мен жастарға үлгі тұтарлық жырларымен танылған ақын. Осыған орай **«Жаны жайсаң жерлесіміз»** атты 5-9 сынып оқушылары мен балалар оқуын басқарушыларға арналған әдебиеттер тізімін назарларыңызға ұсынамыз. Ақын Серік Ғабдуллаұлы туралы мағлұмат алғысы келген әр оқырман осы тізімнің көмегіне жүгіне алады. Өйткені, бұнда ақын туралы мағлұмат беріліп, соңында ақынның шығармалары, сондай-ақ жерлесіміз жайлы мерзімді басылымдар бетінде жарияланған мақалалардың тізімі берілген. Бұл әдебиеттер тізімі, тек Шығыс Қазақстан об-



лыстық балалар және жасөспірімдер
кітапханасының қорында бар әдебиеттерден
құрылған.

Әдебиеттер тізімі бойынша ұсыныс, пікірле-
ріңіз болса мына мекен-жайға хабарласуы-
ңызға болады:

Мекен-жайымыз:

Өскемен қаласы,

Ғарышкерлер көшесі, 6/2

***«Шығыс Қазақстан облыстық балалар
және жасөспірімдер кітапханасы» КММ***

Ақпараттық-библиографиялық бөлім






Серік Ғабдуллаұлы (1937-)

Серік Ғабдуллаұлы Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы Шымқора ауылында 1937 жылы 17 тамызда туған. Ел қатарлы орта мектепті аяқтап, ауыл шаруашылығында жұмыс жасап, отбасын құрғаннан кейін Алматы қаласындағы ҚазМУ-дің филология факультетіне түсіп, оны 1966 жылы бітіреді. Сол жылы облыстық «Коммунизм туы» (қазіргі «Дидар») газетіне қызметке орналасты. Кіші әдеби қызметкерден бөлім меңгерушісіне дейінгі журналистік жолда кәсіби мамандығын ұштап, табиғи талантын таныта білді.

Серік Ғабдуллаұлының барлық саналы ғұмыры облыс аумағында өтті. Облыстың өсіп-өркендеуі жөнінде көптеген мақалалар жазды. Өндірісті қаланың өнеркәсіп, құрылыс, транспорт, білім беру мен мәдениет салаларына елеулі үлес қосты. Қарапайым металлург, құрылысшы, жүргізуші, кенші, дәрігер, мұғалім т.б. салалардағы еңбек адамдарының табыстарын насихаттап, халық шаруашылығы саласындағы кемшіліктерді сын тезіне салды. Ол газет жанрының қарапайым түрі - хабардан бастап, суреттеме, репортаж, сұхбат, очерктерді бірдей меңгерді. Сондай-ақ, ол «Коммунизм туы» газетінде ай сайын тұрақты түрде «Жас дәурен» бетін ұйымдастырып, жас ұрпақ тәрбиесіне өз үлесін қосты. Облыстық, қалалық комсомол комитеттерінің мүшесі болды.

Серік Ғабдуллаұлы 1991 жылдан халықаралық «Қазақ әлі» қоғамы облыстық ұйымының төрағасы



болғанда, оның қасынан Өскеменде тұратын ұлт өкілдерінің «мәдени орталығын» құруға бастама көтерді. Облыстық «Ақсақалдар алқасын» құруға, облыстық мешіттің ашылуына мұрындық болды. Сол жылы облыстық айтыскерлер мектебі мен Өскемен қалалық «Шабыт» жас ақындар мектебін ашты. «Шабыт» және «Звено Алтая» ақындар мектептерінде жас таланттардың шығармашылық қалыптасуына белсенді жетекшілік жасады. Осы шығармашылық ұйымдар күні бүгінге дейін жұмыс істеп келеді. Серік Ғабдуллаұлының облыс өмірінде алар орны бар. Ол облыс орталығында шығатын республикалық, әдеби-мәдени және қоғамдық «Ақ Ертіс» журналын шығару үшін белсенділік танытты. Журнал қазақ-орыс тілдерінде 2001 жылдан бері тұрақты шығып келеді. Серік Ғабдуллаұлы осы журналдың Бас редакторы.


Кәсіптік және қоғамдық жұмыстарды абыройлы атқарғаны үшін Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің, облыстық, қалалық партия комитеттерінің жоғарғы марапаттарына ие болды. 2007 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің «Құрмет грамотасын», 2009 жылы «Қазақстанның Құрметті журналисі» атағын алды. Өскемен қаласының құрметті азаматы.

Серік Ғабдуллаұлы Қазақстан Журналистер, Қазақстан Жазушылар Одақтарының мүшесі. Оның қаламынан туындаған «Көктем лебі», «Бұқтырма сарыны», «Көктем – көкөрім шағым», «Ақ босаға», «Жылдардан жеткен жаңғырық», «Ұланғайыр», «Сөйле, менің жүрегім», «Алтай асу», «Седой тулпар» т.б. кітаптары және жетпіс жасқа толуына байланысты екі томдық шығармалар жинағы жарық көрген.

Кітаптар:

Серік Ғабдуллаұлының шығармалары:

- ✚ Ғабдуллаұлы, С. Ақиқатты айтар жалғыз жыр ғана [Мәтін] / С. Ғабдуллаұлы // Күміс күйме = Явь и сны [Мәтін] : Қазақстандағы жаңа поэзия = Новая поэзия Казахстана / ред. З. Серікқалиұлы. - Алматы, 2001. – Б.160-161.
- ✚ Ғабдуллаұлы, С. Алтай асу [Мәтін]: өлеңдер мен толғаулар / С. Ғабдуллаұлы - Алматы, 2002. - 140 б.
- ✚ Ғабдуллаұлы, С. Көктем – көк өрім шағым [Мәтін]: өлеңдер / С. Ғабдуллаұлы; ред. С. Оспанова. – Алматы, 1982. - 80 б.
- ✚ Ғабдуллаұлы, С. Таңдамалы шығармалар жинағы [Мәтін]: екі томдық. / С. Ғабдуллаұлы; ред. С. Байхонов. – Алматы, 2007. - Т. 1. - 356 б.
- ✚ Ғабдуллаұлы, С. Таңдамалы шығармалар жинағы [Мәтін]: екі томдық. / С. Ғабдуллаұлы; ред. С. Байхонов. – Алматы, 2007. - Т. 2. - 357 б.
- ✚ Ғабдуллаұлы, С. Ұланғайыр [Мәтін]: өлеңдер мен толғаулар / С. Ғабдуллаұлы - Өскемен, 2003. - 356 б.
- ✚ Ғабдуллин, С. Сөйле, менің жүрегім [Мәтін]: өлеңдер мен балладалар / С. Ғабдуллин; ред.: М. Құмарбеков. - Семей, 1998. - 131 б.



✚ Серік Ғабдуллаұлы [Мәтін] // Алтын тамыр. 2-кітап / ред. Д. Күмісбекова. - Алматы, 2008. – Б. 3-86. - (Шығыс Қазақстан қаламгерлерінің кітапханасы = Библиотека литературы Восточного Казахстана).

Мақалалар:

✚ Ғабдуллаұлы, С. Жүрегімде әйтеуір имандық бар аздаған...[Мәтін] / С. Ғабдуллаұлы // Дидар. - 2012. – 6 қыркүйек (№104). - Б. 20.

✚ Ғабдуллаұлы, С. Кірпігімнің талына жас іркілді [Мәтін] / С. Ғабдуллаұлы // Қазақ әдебиеті. - 2012. – 24-30 тамыз (№35). - Б. 8.

✚ Ғабдуллаұлы, С. Қош келдің, наурыз! [Мәтін] / С. Ғабдуллаұлы // Ақ Ертіс=Иртыш. - 2008. - №2. - Б. 3.


Серік Ғабдуллаұлы туралы әдебиеттер:

- ✚ Ақын Серік Ғабдуллинге [Мәтін]: [Қазақстан Жазушылар Одағының мүшелігіне қабылдануына байланысты облыстық ақсақалдар алқасы мен мешіт алқасы мүшелерінің құттықтауы] // Дидар. - 1994. - 1 желтоқсан. - Б. 3.
- ✚ Ахметқалиев, Азамат. Серік Ғабдуллаұлы шығармашылығы туралы [Мәтін] / А. Ахметқалиев // Мәдениет жаршысы = Вестник культуры. - 2010. - N 8. - Б.39-42.
- ✚ Ғабдуллаұлы, Серік [Мәтін] // Шығыс жұлдыздары: энцикл. анықтамалық. 1-т. Сөз зергерлері. Мәдениет майталмандары / құраст.: Ұ. Есдәулет, Қ. Құрмансейіт, Д. Кәпұлы; ред. Қ. Құрмансейіт. - Астана, 2011. - Б. 57.: фотосурет.
- ✚ Ғабдуллаұлы, Серік. Тірлік еріктірмейді, заман зеріктірмейді... [Мәтін] / С. Ғабдуллаұлы // Дидар. - 2010. - 18 тамыз. - Б.5.
- ✚ Ғабдуллин, Серік. Серке сезім сөгіліп көбесінен [Мәтін] : [Белгілі ақын, жерлесіміз С. Ғабдуллинге - 55 жас] / С. Ғабдуллин // Дидар. - 1992. - 15 қыркүйек. - Б. 2.
- ✚ Қаңтарбаев, Ә. Ақын жүрек келеді көшеменен [Мәтін] / Ә. Қаңтарбаев // Дидар. - 1998. - 21 наурыз. - Б. 2.

Жерлес ақынымыз С. Ғабдуллаұлының "Сөйле менің жүрегім" атты кітабы жайында.

- ✚ Қасым, Азамат. Оттыққа деген құмарлығы керемет [Мәтін] / А. Қасым // Дидар. - 2011. - 8 маусым. - Б.5.

Ақын Серік Ғабдуллаұлының хоббиі туралы.



✚ Құмарбекұлы, М. Өтті жылдар атой салып, ту ұстап... [Мәтін] / М. Құмарбекұлы // Дидар. - 1997. - 16 тамыз. – Б. 2.

Ақын Серік Ғабдуллаұлының 60 жылдық мерейтойына орай.

✚ Сарсенбайқызы, Ғ. Туған елдің құрметі [Мәтін] / Ғ. Сарсенбайқызы // Дидар. - 2004. - 5 маусым. - Б.6.

✚ Серік Ғабдуллаұлы [Мәтін] // «Алтай әуендері – Алтайские напевы» [Мәтін]: хрестоматия/ ред. С. Байхонов; құраст. Б. Ботаханова, П. Пивоваров. – 2005. – С. 193-199.

«Алтай әуендері – Алтайские напевы» деп аталатын хрестоматиялық жинақта қысқаша өмірбаяны мен шығармаларынан үзінді берілген.

✚ Серік Ғабдуллаұлы [Мәтін] // Шығыс Қазақстан қаламгерлерінің кітапханасы = Библиотека литературы Восточного Казахстана [Мәтін]. 2-ші кітап / С. Ғабдуллаұлы, Х. Балшабеков, Ғ. Байбатыров, К. Ерқасов. - Алматы: ҚазАқпарат, 2008. – Б. 126.

✚ Тасқараұлы, Азамат. Өлең сәулесі [Мәтін] / А. Тасқараұлы // Мәдениет жаршысы = Вестник культуры. - 2009. - N 4. - Б. 23.

Жерлесіміз ақын Серік Ғабдуллаұлының шығармашылығы жайлы.



**Құрастырған және
компьютерде өндеген:**

Жауапты:

Тексергендер:

Ж.Н.Буханова

Жоғары дәрежелі библиограф

К.Қ.Карчалова

Кітапхана директоры

К.Б.Мукашева

*Кітапхана директорының
орынбасары*

А.Н.Абдакєрова

Кітапхана аудармашысы

